

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 90 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 2039 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың (ХҒТО) жобаларын жүзеге асыруға байланысты қызметті үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 90 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың жобаларын жүзеге асыруға байланысты қызметті үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңестің құрамы осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың жобаларын жүзеге асыруға байланысты қызметті үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңес туралы ережеде:

бүкіл мәтін бойынша "Энергетика және минералдық ресурстар" деген сөздер "Білім және ғылым" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 8 желтоқсандағы
N 2039 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

**Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың жобаларын
жүзеге асыруға байланысты қызметті үйлестіру жөніндегі
ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңестің
құрамы**

Түймебаев - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
Жансейіт Қансейітұлы министрі, төраға
Жақыпов - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
Айдар Бексұлтанұлы вице-министрі, төрағаның орынбасары
Құтыбаев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Бақыт Өмірзақұлы министрлігінің Ғылым комитеті
ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастыру
және халықаралық ынтымақтастық
басқармасының бастығы, хатшы
Оңғарбаев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Еркін Әнуэрұлы министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы
Бекнияз - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
Болат Қабыкенұлы қорғау министрлігі Экологиялық саясат және
орнықты даму департаментінің директоры
Омаров - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Жандар Даниярбекұлы министрлігі Ғылым департаментінің
директоры
Садықов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Барлыбай Кәрімұлы министрлігі Көпжақты ынтымақтастық
департаментінің директоры
Хамзина - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Нұргүл Қалиқызы министрлігі Ғылым және адам ресурстары
департаментінің директоры
Қарбаев - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Теміржан Бақытұлы министрлігі Әскери білім және ғылым
департаментінің ғылыми жұмыс басқармасы
ғылыми жұмысты талдау бөлімінің аға
офицері
Әлімғазина - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Баян Шұрымбайқызы министрлігі "ҚазАгроИнновация" акционерлік
қоғамының президенті

Аббас - "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық
Бауыржан Аббасұлы холдингі" акционерлік қоғамының басқарма
төрағасының орынбасары
Раманқұлов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Ерлан Мірхайдарұлы министрлігінің Ғылым комитеті "Қазақстан
Республикасының Ұлттық биотехнология
орталығы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының бас директоры
Саданов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Амангелді Құрбанұлы министрлігінің Ғылым комитеті "Биологиялық
зерттеулер орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК